

ЖШС «NURSULTAN 7777»
балабақшасының 2025-2026 оқу жылына арналған
жиналысының №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 2025 ж. қазан айы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, педагогтер -23

Күн тәртібі:

1. Тілдік ортаны қалыптастыру
2. Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін қарастыру

Бірінші мәселе бойынша-әдіскер А.Е.Әбдрахманова өз сөзінде бүгінгі өскелең ұрпақ еліміздің болашағы. Сондықтан Қазақстанның болашақ азаматтарын Отанға деген сүйіспеншілікке және азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларды осы қасиеттерге тәрбиелеуде маңызды фактор - өз мемлекетінің тіліне құрмет көрсету болып табылады. Мектепке дейінгі жас – тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін қолайлы кезең, өйткені осы жастағы балалар ақпаратты қабылдауға қабілетті болып келеді. Мектепке дейінгі ұйым – тілдік дағдыларды қалыптастыру үшін неғұрлым жайлы орта, мұнда балаларға тілді шынайы, эмоционалды жағдайда меңгеруге мүмкіндік беріледі. Балабақшадағы ересектердің сөйлеу тілі – жасанды немесе академиялық емес, ол – түсінікті, тұрмыстық, эмоционалды және жағдаяттық болып табылады. Бұл балаларға тілді қарымқатынас пен өзара әрекет құралы ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда ерекше маңызды. Кейбір балалар үшін қазақ тілі – үйретуде ерекше тәсілді қажет ететін екінші тіл болып табылады. Тілге бойлау – тәрбиеленушілерге қазақ тілін практика, ойын, бақылау және күнделікті әрекеттерге қатысу арқылы меңгеруге мүмкіндік беретін тиімді әдіс - деп жеке жеке тоқталып өтті

Екінші мәселе бойынша меңгеруші А.Ж.Уркимбаева - Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін қарастыру үшін балалардың сөйлеу мазмұнын жинақтау әдістерінің тобын құру қажет. Оларға мыналар жатады:

- Басқалармен тікелей танысу және сөздік қорын байыту: объектілерді тексеру және тексеру, бақылау, балабақша үй-жайларын тексеру, мақсатты серуендер мен экскурсиялар.

- Қоршаған ортамен жанама танысу және сөздік қорын байыту: мазмұны бейтаныс картиналарды қарау, көркем шығармаларды оқу, кино және бейнефильмдерді көрсету, телешоуларды қарау қажет. Сонымен қатар ойыншықтарды тексеру, белгілі мазмұндағы суреттерді тексеру, дидактикалық ойындар мен жаттығулар арқылы сөздікті бекіту және белсендіру әдістер тобы жасалады. Сөздік жұмысының мазмұны бір жас тобынан екіншісіне күрделене түсетінде атап өтті.

Шешім:

1. Балабақшада тілдік ортаны қалыптастыру қажет.
2. Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін қарастыру үшін балалардың сөйлеу мазмұнын жинақтау әдістерінің тобын құрылсын.

Әдіскер: А.Е.Әбдрахманова

Хатшы: Ж.Т.Имамадинова